

Бейсембаев Ғ.Б.

**ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ТАҚЫРЫБЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СЫНЫПТАН ТЫС
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІ**

Бейсембаев Г.Б

**НЕКОТОРЫЕ ВИДЫ ВНЕКЛАССНЫХ РАБОТ, СВЯЗАННЫХ С ТЕМОЙ
ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ**

УДК:371/56:56

В данной статье рассмотрена внеклассная мероприя-тия по патриотическому воспитанию учащихся путем героического наследия казахского батыра Вогенбай.

Тақырыбы: «Батырлар бізде қонақта» арыс... (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапы-рашты Наурызбай)».

Мақсаты: Оқушыларды батырлардың ерлік мұралары мен еліне деген сүйіспеншілігі, рухани құндылығы ретінде қабылдауға және түсіне білуге үйрету.

Дайындық кезеңі:

1. Оқушылардың салған суреттері бойынша көрме ұйымдастыру.

2. Батырлар туралы жазылған тарихи-әдеби шығармаларды сұрыптау, олардың өзіндік ерекшеліктеріне мән беру.

3. Батырлар туралы салынған суреттерді сұрыптау.

4. Плакаттар жазып, даярлау: тақырып; девиз: «Туған жерің - тұғырың», «Батыр туса, ел ырысы...», «Отан үшін отқа түс, күймейсің».

Жүргізушінің кіріспе сөзі (қысқаша беріледі):
...Туған жер! Ғасырлар бойы жасап келеді. Оның аясында қаншама ұрпақ өмір сүрді. Ол жақсылықты да, жамандықты да қиын-қыстау кезендерді де, есте қалар тарихи оқиғаларды да көрді. Ол өзінде барды, өзінде бұрын-сонды жоқты, болғанды жоғалтады, ескіні-жаңартады. Ол дана да, сабырлы, әрдайым адамдармен тілдеседі. Туған жер төсінде небір даналар да, небір даралар да өмір сүрген. Осындай дара да дана, бірегей ұлдың бірі - біздің бүгінгі тақырыбымызға тірек болып отырған батыр баба Бөгенбай. Ендігі сөз сіздерде. (Оқушылар рет-ретімен батыр бабаның өмірі жайлы деректерді айтады).

1-оқушы: Қазақ халқының біртуар асыл азаматы - Бөгенбай батыр өмірі мен оның өмір сүрген ортасы туралы мәліметті, қазақ шежіресінен мол хабардар адам, білікті ұстаз Қанжығалы Бөгенбайдың тікелей ұрпағы Қ.Нұралиннің айтуына қарағанда, Бөгенбай батырдың туған-қайтқан жылдары 1984 жылы басылған «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының» 2-томында берілген мақалада көрсетілгендей 1690-1775 емес, 1680-1778 ж.ж. екендігін дәлелдеген төмендегідей дерек бар.

«Шайшық-ағай (Шайсұлтан Олжабаев, 1906-1978) Семейге, Түрсекеңе «Түрсынбай Ерғалиев, 1892-1972» амандыққа барып жүрген кездерінде, қалтасына салып барған қалың дәптердің бірінші бетінде, араб әрпімен: «Атамның (Ералы қарттың) шежіресінде Бөгенбай 1679 жылы туып, 1778 ж. өлген», делінетін жазу жинаушының Н-8 дәптерінде», - дейді Қ.Нұралий Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде жариялаған мақаласында.

2- оқушы: - Тағы бір назар аударарлық дерек: Бұқар бабаның тарихи жырларын жетік білетін,

арабша оқыған білімді адам Қабыкен Қазиевтікі. Ол 60 жылдары былай деген екен:

Жантай батыр жау қолынан мерт болғанда, Бұқар жырау қанжығалы Бөгенбай батырға көңіл айта келіп: «Бөке, сен менен бес жас үлкен едің, Жантай менен бес жас кіші еді. Екеуімізге топырақты Жантай салу керек еді. Ажал төтендетіп кетті-ау! Қайырлы қаза болсын» - депті. Жантай батырдың 60 жасында Алакөл маңында қалмақ қолымен шайқаста мерт болғаны тарихтан аян. Ол шайқас 1750 жылы болса керек. Қарапайым есеп: 1750-ден 60-ты алып тастайық. Сонда Жантай батыр 1690 жылы туған болып шығады. Осыдан Бұқардың туған жылын - 1685, Бөгенбай батырдың туған жылын - 1680 деп шығарып алу қисынды сияқты.

Алдымызда Бөгенбай, Жасы үлкен аға ғой. Арғын, қыпшақ елінің Бағына туған дана ғой. Бөгенбайды өкшелеп, Арғыннан шыққан Бұқармын – дейтін Бұқардың «Ұстазым» атты өлеңінен де осы шындық аңғарылады.

3-оқушы: - Қабыкен Қазиев бабасы Бұқарды 104 жыл жасаған деген екен. Жүзден асқанның әр жылын екі еселеп санайтын халық дәстүрін еске алсақ, Бұқар шын мәнінде 102 күнтізбекті жыл жасаған болып шығады. Сонда Бұқар 1787 жылы қайтыс болған.

Бұқар әбден қартайып, бақұлдасар тұста балала-ры не айтасыз деп сұрағанда Ұлы Жырау: «Менің денемді Әзіреті-Сұлтанға апарамыз деп әуре болмандар. Мен кетсем, Шыңқожаның әруағы ренжиді, жетім қалады - Шыңқожаның қасына жерлендер» деп, өсиет айтқан екен. Бұқардың сүйегі сол Қызылтастағы Шыңқожа зиратында. Ол зиратты бұл күнде Әбусағит Рыскүлов қана біледі «Бұқардың Жарылғап баласынан туған Мыңбайдың ұрпағы», Қорытып айтқанда, Бұхар жырау 1685 жылы Бұхара маңында туған, 1787 жылы Нияздың Қаракөлі жайлауы маңында дүние салып, Қызылтастағы Шыңқожа зиратына жерленген. Бұл - екінші дәлел.

Қ.Нұралиннің деректерінде Бөгенбай батырдың туған жылын анықтауға қатысты тағы бір мәлімет бар. Онда батырдың Ташкенттің Сардари мектебін 23-25 жас шамасында бітіріп келгендігі айтылады. Бұл басқа да тарихи деректерде кездеседі. Қарақұмда өткен құрылтайдың қандай қажеттіліктен туындағанын ескерсек, сол жолы қолбасшылыққа сайланған Бөгенбайдың сардарлық міндетін тастап, оқуға кетуі шындыққа жанаспайды. Батырды 1680

жылы туған деген пайымдауымыз осы бір жағдайдың басын ашқандай. Бұл - үшінші дәлел.

Қанжығалы Бөгенбай батыр туралы берілген мәліметтер мектеп оқушыларының мақсатқа бағытталған патриоттық түсініктерін қалыптастыруда мүмкіндігі мол екедігі анық байқалды.

Дүниеден өткен замандастары Малайсары батырды, Қанай шешен мен Бөгенбай батырды есіне түсірген Абылай хан бірде Бұқар жырауға:

Қарауыл Қанайды айтсайшы,
Сөздің бірін қоймай айтушы еді.
Бәсенти Малайсарыны айтсайшы,
Үні жақсы еді, сатырлатып отырушы еді.
Бәрін айт та, бірін айт,
Қанжығалы Бөгенбайды айт,
Ақылдың жатқан үйін табушы еді, -

деп өзінің ақылшы-кеңесшісі, ұстазы, әрі досы болған Бөгенбайды ерекше атап еске алып күрсінген екен.

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» дегендей батыр тұлғасының үлкен тарих сахнасынан орын алуы, Абылай хан сөзіне сүйенсек «ақылдың жатқан үйін табатын» терең ой, білім мен біліктілікке көп байланысты болған деп түсіну керек.

Нақты деректер козі болып табылатын бұл оқиғаларды оқушылар әртүрлі сахналық қойылым-дар арқылы көрсете отырып, шығарманың, тақырыптың сипатын, мазмұнын бере білуге дағдыланады. Солай ете отырып, өзінің оған деген көзқарасын білдіруге төселеді.

Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің ең кең тараған түрі де сынып сағаты болып табылады.

Мысалы «Қазақ батырлары» атты сынып сағатын әзірлеуде, мұғалім оқушылардың патриоттық көзқарасын қалыптастырудың негізгі тәрбиелік құралы ретінде халық батырларына деген әсерлерін өзінің объектісі етіп жоспарлайды. Бұл батырлардың ерліктеріне және олардың еліне деген міндетін жете түсінуі арқылы жүзеге асады. Сынып сағатының міндеті: батырлар және олардың ерліктері туралы нақты білім мен ғылыми түсінікті қалыптастыру, патриоттық ұғымдарға ғылыми түсінік беру.

Сынып сағаттарын сабақтағыдай мұқият дайындау: мазмұнын ойластыру, айқын құрылымын белгілеу, жағдай жасау, көмекші материалды күні бұрын дайындау керек. Сынып сағаттары кездейсоқ құбылыстардың ала-кұла қатары болмай, әсерлер тізбегін құрауы үшін олардың қатарының тақырыптық жүйесік жасаудың маңызы бұдан кем емес.

Сынып сағатының құрылымы өзіне үш бөлімді: кіріспе, негізгі (мазмұндық), қорытынды бөлікті қамтиды. Кіріспе бөлімнің атқаратын міндеті: оқушылардың барлық назарын жұмылдыру, әңгімелесу тақырыбына байыпты кезқарасты қамтамасыз ету, талқыланатын мәселенің адам өмірінде, қоғамды немесе ғылымды дамытуда, өндірісте алатын орны мен маңызын анықтау.

Негізгі (мазмұндық) бөлімнің атқаратын міндеті сынып сағатының тәрбиелік міндетімен анықталады.

Қорытынды бөлім сынып сағатының барлық қатысушылары бойында қанағаттану сезімін тудыруға жәрдемдесуге, сынып сағатынан кейін оқушылардың дербес іс-әрекетін ынталандыруға, кейіннен әңгіме өткізе отырып сыныптық сағатта байланыстар арнатуға, мектеп

оқушыларының сынып жұмысына өзгерістер, ұжымдық жұмыс жөнінде ұсыныстар енгізуге деген тілегін оятуға тиіс. Зерттеу барысында біз осындай сынып сағаттарын нақты тақырыптар бойынша оқушылардың ата-аналарымен, сынып жетекшілерімен де өткіздік. Үлгі ретінде «Алып анадан туады» деген тақырыпта өткізілген сынып сағатын ұсынамыз.

Тақырыбы: «Алып анадан туады».
Алдын ала дайындық:

1. Қонақтарға, ата-аналарға шақыру қағаздарын жіберу.
2. Тақырыпқа байланысты сұрақтар әзірлеп, оны тәрбиешілер мен ата-аналарға тарату.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, ата-аналар! Біз бүгінгі сабағымызда халқымыздың тарихынан ойып орын алған атақты батырлар туралы біліміміз бен біліктілігімізді сынау мақсатында сіздерді шақырып отырмыз. Бүгінгі өткізілетін іс-шарамыздың қызық-ты да тартымды болуы сіздер мен оқушылардың арасындағы шығармашылық байланысты көрсетеді. Енді жұмыс мазмұнына назар аударайық:

Ата-аналарға берілетін сұрақтар мазмұны: 1. Ерліктің бала тәрбиесіндегі рөлін қалай түсінесіз?

Бөгенбай батырдың ерлік мұраларының оқушыларға

Халық тәрбиесін отбасында қалай пайдаланасыз? Елін қорғайтын, халқына пана болатын бала болады деп қандай тәрбие алған баланы айтасыз? Халқының сүйіктісі болған батырлардан кімдерді білесіз және олардың ерлік істерімен өз балаңызды қалай таныстырасыз?

Тәрбиешілерге қойылатын сұрақтар: Қазақ баласының бойындағы патриоттықты сіз қалай бағалайсыз?

Батырлық жырларды, қазақтан шыққан атақты батырлардың ерлік істерін өз тәжірибеңізде қандай дәрежеде пайдаланып жүрсіз?

3. Өз оқушыларыңыздың шығармашылық қабілетін қалай ширатасыз, оларды сахналық қойылымдарға дайындай аласыз ба?

4. Бөгенбай батырдың ерлік істерінен жүргізілген тәрбиелік шараларды қалай ұйымдастырдыңыз және ол сіздің ойыңыздан шықты ма?

Бұдан кейін келген қонақтарға оқушылар қолымен жасалған көрмені көрсетіп, олардың пікірі тыңдалады.

1-кесте

патриоттық тәрбие берудегі мүмкіндіктері

	Сабақ тақырыбы	Мүмкіндіктері	Әдіс-тәсілдері
1	2	3	4
1	«Батыр», «ер», «ерлік» ұғымдарының мәні неде?	- ерте кезден келіп жеткен еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, ұлттық құндылықтарды бағалауы	Әңгімелесу
2	«Болар бала он бесінде баспын дер...»	- туған жерге, туған елге құрмет; - туыстарына, бауырларына деген сүйіспеншілігі; - ілтипаттылық, мейірімділік қараым-қатынасын тәрбиелеу	Ойбөліс
3	«Бөгенбайлар...»	- жақсы қасиетті дәріптеу; - атына заты сай болуға баулу; - өз бойына жауапкершілікті, кеңпейілділікті, іскерлікті, кешірімділікті, табандылықты жинақтау, жақсылыққа жақын болуды үйрену;	Диалог-сұрақ
4	«Сегіз қырлы, бір сырлы...»	- жағымсыз мінезден аулақ болу; - жақсылыққа жақын, жаманшылықтан алыс жүру; - шешендікті, көрегендікті, адамдармен тіл табыса білуді, қатыгездікке қарсы тұра алуды, отбасы құндылықтарын қастерлеуге тәрбиелеу;	Пікір-талас Шығарма Ойтолғау
5	Гүлпардан қалған түяқ	- ата-баба салтын қастерлеу, үлкенді сыйлай білу; - отан, ел, туған жерге деген балалық махаббатын туындату; - салт-дәстүр, эдет-ғұрыптарды қадірлей білу	Диалог-әңгіме
6	Шежіре сыр шертеді	- Отаншылдық сезімді қалыптас-тыру; - Ата-баба дәстүрін берік ұстану, тегін білу; - «Жеті атасын білмеген жетесіз» ұғымымен таныстыру, ата-баба даңқына деген құрмет сезімін туындату	Ізденіс, шығармашылық жұмыстары

Әдебиеттер:

1. Муканова Б.И. Педагогические основы взаимодействия учителя и учащихся в формировании и развитии социальной активности подростков. Автореф... д. п. н. - Алма-Ата, 1992. - 49 с.
2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы, Қазақстан, 1994. - Б. 70-71.
3. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. - Алматы: Білім, 1990. - 32 б.
4. Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері: п. ғ. к. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. - Алматы, 1997. -189 б.
5. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. - Алматы: Мектеп, 1976.- 322б.

Рецензент: д.пед.н., Жумажанова Т.К.
